

МҒТАР 16.21.23

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp43-53](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp43-53)

А.Х. Асенова¹, К.Қ. Жайықбаева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

²Қазақстан-Неміс университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ «АЗ», «АТ», «ҚОЙ» ТҮБІРЛЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Бұл мақалада түркі тілдерінің классификациясы бойынша қыпшақ бұтағына жататын қазақ және қарақалпақ тілдері қарастырылды. Аталған тілдердегі бір буынды «аз», «ат», «қой» ортақ түбірлеріне семантикалық талдау жасалды.

Ғылыми зерттеуіміздің негізгі мақсаты – қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі бір буынды түбірлердің семантикалық дамуын анықтау арқылы, түбі бір түркі тілдерінің қазіргі даму бағыты мен лексикалық бірліктердегі семантикалық ерекшеліктерді саралау.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде «аз», «ат» және «қой» түбірлері өзінің түркілік негізін сақтағандығы анықталды. Қарастырылған үш түбір де негізгі мағынасымен қатар қосымша жаңа семаға ие болған, бір тілде мағынасы тарылса, екіншісінде кеңейу үдерісі орын алған. Мағынаның тарылу-кеңейу құбылыстарына көп жағдайда ұлттық дүниетанымның дамуы мен экстралингвистикалық сыртқы факторлар әсер еткен.

Түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы аспект негізінде зерттеу – түркілік ортақ түбірлерді нысан етіп алудың маңызы мен ерекшелігін, атаулардың семантикалық даму сипатын зерделеудің өзектілігін, тілдегі ұлттық дүниетанымды лингвopsихологиялық бағытта талдаудың да құндылығын көрсетеді.

Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы: жалпы түркілік түбірлерді қазақ және қарақалпақ тілдері негізінде семантикалық талдау атаулардың құрылымдық мәні мен сипатын айқындауға және тілдердің динамикалық дамуындағы маңызды өзгерістерді терең зерделеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, салыстырмалы тіл білімі, түркі тілдері, қазіргі қыпшақ тілдері, қарақалпақ тілі, ортақ түбірлер, семантика, лексикалық қор.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл – кез-келген ұлттың мәдениетінен ақпарат беруші құрал. Қазіргі қазақ тіл білімі үшін түркі тілдерін соның ішінде қыпшақ тобындағы тілдерді бір-бірімен салыстыра зерттеу өте маңызды. Туыстас тілдерді салыстыру арқылы тілдердің бүгінгі мен өткенін, этностар арасындағы тарихи-мәдени болмысты айқындай аламыз. Салыстырмалы әдісте тілдердің өткен тарихына, даму жолына, тілдік бірліктерінің семантикасына, этимологиясына мән беріледі. Әрбір лексикалық бірліктің өзіндік мағынасы бар, ол контекстке сай өзгеріп, сол ұлттың дүниетанымы мен мәдениетінің даму жолынан мол ақпарат бере алады.

Ғылыми мақала қазақ тіл біліміндегі зерттеуді қажет ететін салыстырмалы тіл білімі және семантика саласының қарастырылуымен құнды. Бұл бағыттағы зерттеу тілдің этнолингвистикалық қырын айқындауға, этимологиясына тереңдеуге, психолінгвистикалық әлеуетін зерделеуге жол ашады. Себебі мұнда аса маңызға ие – сөз семантикасы басты назарға алынды.

Семантика саласы – қазіргі әлемдік тіл білімінде де түрлі қарама-қарсы тұжырымдардың аясында тұрған сала. Себебі батыстық ғалымдар семантиканың осы күнге дейінгі дәстүрлі түсінігін өзгертуге тырысып бағуда. Жаңа көзқарастар бойынша семантика тек сөздің лексикалық мағынасын ғана қарастырмайды. Прагматика саласының кейбір түсініктерін семантика аясына қосып, ауқымын кеңейткісі келеді. Бұндай көзқарастар толқыны тіл білімінде Н. Хомскийден бастау алып, Р. Карстон, С. Фриссон, В. Агустин зерттеулеріне

ұласты. Бірақ әлі де ғылыми негізде расталып үлгермегендіктен біз семантиканың классикалық түсінігіне жүгінеміз.

Қазақ тіл білімінде семантика саласына қатысты ғылыми еңбектер мен зерттеушілер саны аз. Соның бірі әрі бірегейі – М. Оразов еді. Ғалым М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде: «Семантика гректің «белгілеуші» деген сөзінен алынған, қазір сөз мағынасы деген түсінікпен тең дәрежеде қолданылады. Семантикаға сөз мағынасын зерттейтін лексиканың бір саласы» – деп анықтама беріледі [1, 3]. Ғылыми анықтаманы негізге ала отырып, аталған тілдердегі ортақ түбірлердің лексикалық мағыналарына семантикалық талдау жасадық.

Сөз мағынасын салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеу үшін алдымен белгілі бір ғылыми тұжырымдар мен өзіндік тәсілдер қолданылады. Осы бағытта қазақ тілінің тарихшысы Ә. Құрышжановтың еңбегіндегі салыстырмалы-тарихи зерттеулерде сөз мағыналарын реконструкциялаудың төмендегі үш түрлі тәсілін арқау еттік:

- 1) салыстырылатын материалдарды сұрыптау,
- 2) олардың хронологиялық өзгеру сатыларын анықтау,
- 3) ішкі реконструкция тәсілдерін қолдану арқылы сандық, сапалық көрсеткіштерін айқындау [2, 23-24]. Зерттеу мақаласы осы тәсілдер негізінде жүзеге асты. Сонымен қатар қазақ және қарақалпақ тілінің ерекшеліктерін салыстыру, түбірлер мағынасын жинақтау, жүйелеу, семантикалық талдау жасау әдіс-тәсілдері қолданылды.

КІРІСПЕ

Бүгінде қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулер өте көп. Дегенмен тілдің бүгінін айқындау үшін өткен тарихына да мән беру қажет. Тіл білімінде лексикалық бірліктердің тарихын, этимологиясын, шығу төркінін, семантикалық ерекшеліктерін айқындау мәселесі зор маңызға ие екені белгілі.

Зерттеу жұмысымыз арқылы қазақ тіл білімінің салыстырмалы бағыты бойынша жасалған ғылыми зерттеулердің аясын кеңейтуге, семантика саласына үлес қосуға тырыстық.

Түбі бір түркіден шыққан қазақ және қарақалпақ тілдерін зерттей келе ортақ түбірлерді айқындау, ол арқылы түркі тілдері арасындағы тарихи-мәдени байланыстарды ашу, семантикалық талдау жасау, этимологиялық зерттеу нәтижесінде сөздің түп-төркінін айқындау жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Қарақалпақ тілі – ғылыми зерттеулерге мұқтаж түркі тілдерінің бірі. Алғашқы зерттеулер ХХ ғасырдың басында жүргізілген. Атақты орыс ғалымдары Н. Баскаков, С. Малов, Н. Кононов, Н. Дмитриев және т.б. ғалымдардың түркі тілдеріне жасаған арнайы зерттеулері нәтижесінде қарастырылған. Грамматикалық жүйесін бертін келе қарақалпақ ғалымдары біршама зерттеп жүйеледі. Алайда семантика саласына жасалған ғылыми зерттеулері аз деуге болады. Тіл білімінде әлі күнге дейін қарақалпақ, ноғай секілді түркі тілдерін қарастыру үшін Н. Баскаковтың қаншама жыл бұрынғы жазылған еңбегіне ғана сүйене аламыз.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріне салыстыру жасау үшін екі тілге де ортақ бір негізді түбірлерді қарастырғанды жөн көрдік. Осы мақсатпен ғалым, түркітанушы Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегі негізінде бір буынды түбірлерді сараладық. Қарақалпақ тілі мен қазақ тіліндегі ортақ түбірлер ретінде ғалым Ә. Қайдардың қарастыруы бойынша бір негізді түбірлер ішінен «аз», «ат», «қой» түбірлері алынды. Екі тілдің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін аталған түбірлердің семантикалық табиғаты зерттелді. Бұл түбірлер екі тілде де кездеседі және олардың мағынасы, шығу тарихы, қолданысы түркі тілдерінің дамуындағы маңызды аспектілерді ашып береді.

Тіл білімінде салыстырудың екі аспектісі де қолданылады: бір тіл шеңберінде қолданылатын тілішілік салыстыру және екі немесе одан да көп тілдер арасындағы сыртқы салыстыру [3, 11]. Тілдер арасындағы сыртқы салыстыру аспектісі негізінде Н. Баскаковтың

түркі тілдеріне жасаған бөліндісіне сүйене отырып қыпшақ-ноғай тармағына жататын қазақ және қарақалпақ тілдері салыстырылды. Салыстыру нәтижесіне қол жеткізу үшін мынадай міндеттер орындалды:

- қарақалпақ тіліне тән табиғи ерекшеліктері айқындалды;
- қазақ және қарақалпақ тілдеріне тән ортақ түбір ретінде *аз, ат, қой* түбірлері қарастырылды;
- түркілік ортақ түбірлерге семантикалық талдау жүргізілді;
- семантизация процесінің нәтижесінде көрініс берген өзгерістер кесте арқылы көрсетілді;

Сонымен қатар бұл зерттеу екі тілдің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, түркі тілдерінің тарихындағы мәдени байланысты түсінуге көмектесті.

Зерттеу мақсат-міндеттеріне жету үшін бір-біріне өте жақын бола тұра, тарихи этнолингвистикалық факторлар негізінен біршама өзгерістер мен айырмашылықтар бар екендігі айқындалды. Сөз семасы қойнына ұлттың болмысына тән түрлі мағыналық бояулар мен терең қатпарларды сақтай алатыны бар. Мағынаға жүргізілген талдау осы жасырын құпияларды ашып, тіл табиғатын анықтауға көмектеседі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ және қарақалпақ тілдеріне қатысты ғылыми пікірлер, қағидалар мен теориялық ұғым-түсініктер негізге алынып, ғылыми деректерге талдау жасалып, алынған түйіндер жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды. Зерттеу өз мақсатына жету үшін Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегі, Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» еңбегі, Е. Қажыбековтың «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках», Ә. Құрышжановтың «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері», М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегі, Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегі мен А. Салқынбай «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты монографиясы, «Генетика-семантикалық кодты негіздеуші этимон түбірлер» атты мақаласы, Г. Сагидолда мен Ә. Қайратқызы «Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы және қазіргі қыпшақ жазба тілдері лексикасының зерттелу барысы» ғылыми мақаласы, Б. Юсупова «Semantic–phonetic features of some phraseologisms in the Karakalpak language», М. Келепир «Matters of size and deficient functional categories in three Turkic languages: Turkish, Turkmen, and Noghay» және Ш. Акалин мен М. Куманлы «Turkic Borrowings in the Turkish Language Reform: Past and Today» атты ғылыми мақалалары және қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі түсіндірмелі, фразеологиялық сөздік түрлері қарастырылды. Зерттеу жұмысының барысында салыстырмалы әдіс, сұрыптау, жүйелеу, жинақтау, семантикалық талдау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеуімізге нысан ретінде алынған қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі «аз», «ат», «қой» түбірлеріне салыстырып жасалған семантикалық талдау нәтижесінде екі тілдегі ортақ сөздердің мағынасындағы ерекшеліктер анықталды. Мағыналық өзгешеліктер тілдердің дамуындағы түрлі сыртқы факторлардың тигізген әсерін көрсетті.

«Аз» және «ат» түбірлерінің қазақ тілінде мағынасы кеңейіп, түрлі жаңа мағыналар пайда болған. Ортақ түбірлер семантикалық жағынан бірте-бірте дами отырып субстантивтену, адъективтену және вербалдану процестері нәтижесінде жаңа семалар тудырған. Мәселен: *азық, адыраң, адым, Атырау, атырап* т.б. сөздері. Қарақалпақ тілінде тек *аз – көп емес, ат – а)жылқы, ә)есім* мағыналары ғана актив қолданылатыны байқалды.

Алайда «қой» түбірі туралы зерттеу нәтижесі өзгеше болды. Бұл түбірдің мағыналары қос тілде өте ұқсас әрі аясы кең екендігі анықталды. «Қой» түбірі арқылы жасалған көптеген жаңа семаларды кездестірдік. Заттық, сапалық, қимылдық жаңа мағыналар мен атаулар

айқындалды. Демек аталған түбір қазақ және қарақалпақ тілдерінде семантикалық жағынан дамып, орныққан түбір деп айта аламыз.

Түркі тілдеріне салыстырмалы зерттеу жасау арқылы сөз мағынасының тарихи ерекшелігін қарастыра отырып қазіргі түркі тілдері мен қазақ тілі арасындағы бөлінбес біртектілікке көз жеткізуге болады.

Зерттеу нәтижесі ретінде семантикалық талданған «аз», «ат» және «қой» түбірлері қазақ және қарақалпақ тілдерінде грамматикалық-семантикалық тұрғыда дербес қызмет атқаратын тұлғалар екендігі, туынды сөздер құрамында актив қолданылатынын, төл сөздердің құрылымында маңызды саналатын түркілік ортақ түбірлер екені айқындалды.

ТАЛҚЫЛАУ

Қарақалпақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ бұтағына жататын жалғамалы тіл. Негізінен Өзбекстан Республикасының Қарақалпақстан Республикасында сөйлейтін халықтың ана тілі саналады. Тарихи тұрғыдан алғанда тілдің дамуы көне түркі жазбаларынан басталып кейінгі қыпшақ және оғыз тілдерінің ықпалымен жалғасқан.

Түркі әлемінің маңызды бір бөлігі саналатын қарақалпақ тілінің мәдени мұрасы бай. Оған дәлел ретінде фольклорлық өлеңдер жүйесін, әңгімелерін, эпостарын және әдеби шығармаларын айтуға болады.

Қарақалпақ тілінің грамматикалық құрылымы, фонетикалық жүйесі өзге түркі тілдеріне ұқсас. Тілдің лексикалық қабаты заманға сай жаңарып, дамып келеді. Сөздік қорында көне түркі, орыс және араб-парсы тілдерінен енген сөздер бар.

Бұл тілдің өзіндік әлемін айқындау үшін оны қазақ тілімен салыстыра зерттей отырып лексикалық және семантикалық дамуына көз жеткіземіз. Осы мақсатпен ғалым Ә. Қайдардың еңбегіндегі бір негізді түбірлер ішінен «аз», «ат», «қой» түбірлері іріктеп алынды. Екі тілдегі түрлі сөздіктер мен ғылыми еңбектер негізінде түбірлерге семантикалық талдау жасалды.

Ғалым аталған еңбегінде «аз» түбіріне мынандай анықтама береді: «Аз – 1. Мало, немного, в небольшом количестве; 2. Сбиваться с пути, заблуждаться; 3. Худеть, истощаться, чахнуть» [4, 169]. Мұнда байқағанымыздай аз түбірінің үш түрлі семасы көрсетілген.

Түркі тілдеріндегі етістік түбірлерді зерттеген ғалым Е. Қажыбековтың еңбегінде аз түбірі туралы былай дейді: «Az – во многих тюрк. языках az «малое количество», малочисленный, мало, немного» [5, 128].

Профессор А. Салқынбай ғылыми мақаласында аз бір негізді түбірінің дамуы туралы пікір білдірген: «Az этимон түбірінің тұлғалық дамуы: ат-ад-аз; аз-ез. Ұғымдық дамуы: 1. Әлем, бірлік, Алла ұғымы; 2. Сандық ұғым; 3. Қимылдық ұғым; 4. Сапалық ұғым; Мағыналық дамуы: аз – сандық мағына; аза – әрекеттік мағына; азан, азан шақыру – әлемдік мағына, азу – сапалық, қасиеттік, сындық мағына; азық – заттық мағына т.б.» [6, 50]. Демек тілімізде аздың – «көп емес» мағынасының негізінде қимылдық мағынасы шыққан болу керек. Себебі толық адам салмағы азайып кеткенде азып кету, ару, арық сөздері қолданылады. Азан, азық – аз түбірінің заттанып мүлде басқа, жаңа мағына тудырған көрінісі.

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Аз. Жеткиликсиз, көп емес, барлы-жоқлы, азғана, азғантай. Бир қатар жолдаслар менен сөйлесип қарасам күш аз дейди. Ол аз гана тунжырап отырды. Аз сан – муғдар, шамалы, онша көп емес т.б. Әкесиниң аз сандағы жыйған малы буларды жарытпайды» [7, 31].

Аза сөзі қарақалпақ тілінде де қаза, қайғы мағынасында жұмсалады. Поэзиялық туындыларынан да байқауға болады:

*Кийинип үстине қараны,
Көп жыласып туттым аза (Бердақ).*

Қарақалпақ халқында да өлім-жітімге қатысты әдет-ғұрыптары сақталған. Қайтыс болған адамның артында қалған отбасы мүшелері аза тонын киіп, аза тұтатын болған. Мұндағы аза тоны – қаза болғанда киілетін қара киім, аза тұту – қырық күн бойы қара киініп

аза тұту. Сонымен қатар қарақалпақ тілінде *аз* түбірімен келетін *аз-азлап, азайғандай, азайтыу, азайыу* секілді тілдік бірліктер күнделікті тұрмыста жиі қолданылады.

Байқағанымыздай *аз* бір негізді түбірінің қазақ тілінде бес түрлі мағына бере алатын әлеуеті көрінді. Ал қарақалпақ тілінде сан, мөлшерді білдіретін тек бір мағынасында ғана қолданылады.

Қарастырылған келесі бір түбір – *ат* түбірі. Алдымен ғалым Ә. Қайдардың түбірге берген сипаттамасын келтірсек: «Ат. – 1. конь; лошадь; 2. имя, название; 3. бросать, кидать; 4. синкр. разводить, раздвигать; 5. *адыраң* – *ат+ыр+аң көз* глаза на выкате; 6. синкр. шаг, ход, ходьба – *атта, адым*; 7. *Атырау* – отдаленный (от берега реки) участок; *атырап* – окрестность, край» [4, 171].

- Демек: 1. Заттық мағыналары – 1) ат, есім; 2) жылқы; 3) адым; 4) атырап;
2. Қимылдық мағыналары – 1) аттау, секіріп өту; 2) ату – оқ ату; 3) ат – лақтыру, тастап жіберу;
3. Сындық мағыналары – адыраң, аттай, атырау;

Е. Қажыбеков зерттеуінде *ат* түбірінің түркі тілдеріндегі этимологиясы жайлы былай дейді: «С тюрк. ат обычно сближают монгольское *adaun* (Котвич 41, 72). Причем, кроме того, что монгольское *d* в середине слова обычно соответствует тюрк. *t* в конце слова, *d* в данной позиции и конечное *t* близки по звучанию. Так, тур. *Atla* – бросаться, прыгать, скакать, соскакивать, перепрыгивать, по мнению Э.В. Севортяна, образовано от ат – конь – афф. *-la* – с общим значением «вскакивать на коня» [5, 227].

Ғалым Б. Сағындықұлы *ат* түбіріне жасаған компонентті талдауында *ат* түбірінің етістік мағынасының өзін бес түрлі семаға жіктеп көрсетеді: 1) жанды мақұлқаттың қозғалысы; 2) мұндай қозғалыстың объективті қажеттіктен ырықсыз болатындығы; 3) қозғалыстың барынша жылдам, шалт өтетіндігі; 4) қозғалыстың нәтижесінде мақұлқаттың өз орнынан ажырап бөлінетіндігі; 5) мұндай қозғалыстың табиғатта шексіз қайталантындығы [8, 212].

Қазақ тілінің түсіндермелі сөздігінде *ат* түбірінің он екі түрлі мағынасы сипатталған: I. 1. Піштірілген еркек жылқы; 2. Мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік; 3. Спорт. жылқының басына ұқсастырып жасалған шахмат фигурасы;

II. 1. Балаға қойылатын есім, ныспы; 2. Белгілі бір нәрсеге, затқа қойылған атау;

III. 1. Қару-жарақтан оқ шығару; 2. Лақтыру, атқылау; 3. Бір затты екінші затқа ұрып тигізу; 4. Шегу, иіскеу, тарту; 5. Көкке көтерілу; 6. Ыршу, ырғу; 7. Ауысп. *атқан таңдай* – аппақ, әдемі [9, 65].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде төрт түрлі мағынасы берілген: «Ат. 1. Жылқы, жылқының еркегі. 2. Адамлардың аты, исми. 3. Лақап, атақ. 4. Атыу [7, 111]. Негізгі үш түрлі мағына сақталған: заттық – а) ат (жылқы); ә) есім, атау; б) қимылдық – ату;

Фразеологиялық қор тілдің ұлттық болмысын айқын көрсетеді. Қарақалпақ тіліндегі *ат* сөзімен берілетін фразеологиялық тіркестер де қазақ тіліне өте ұқсас екені байқалды. Тек кейбір тіркестердің ғана беретін мағынасы өзгеше. Қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдердің семантикасы туралы Б. Юсупованың ғылыми мақаласында жан-жақты қарастырылған [10]. Төменде бірнеше фразеологизмдер арқылы мысал көрсетсек:

Ат байрақ – *ат жарыстан озып келген жылқыға берілетін байрақ, зат.*

Ат басындай – *анау-мынау емес, үлкен*

Ат жиберу – *хабар айту. Ат қашырыу* – *жарысқа ат қосу, ат қойыу* – *есім беру.*

Ат көгеру – *атағын алу, ие болу*

Ат көтермес – *сөз ұнатпайтын, аршыл адам*

Ат қалыу – *өзі өмірден өтсе де жақсы ат қалдыру*

Атқа шығару, атқа шыққан – *атын шығару*

Атқа мину – *қатарға қосылу*

Ат ойнатыу – *тәртіпсіздік*

Ат үсти – *қалай болса солай*

Ат шабар – *хабаршы*

Қазақ тілінде *ат* – жылқы – төрт түлік малдың түрі, жеті қазынаың бірі. Қазақ танымында ат сөзіне байланысты тілдік қолданыстар, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, лексикалық бірліктер өте көп. Көшпелі өмір салтында, тұрмысында маңызды рөл атқарғаны мәлім. Жау шапса «Аттан!» деп айғай салған көшбасшы батырларымыздың, ат жалын тартып мінген ер-азаматтарымыздың қанаты саналған. Қазақ қонағына, игі жақсыларына әрдайым жомарттық мінез көрсетіп ат мінгізіп, шапан жабатын болған. Ұлттық ойындарымыз «ат жарыс», «бәйге», «көкпар» бәрі де жылқы малымен байланысты. «Ат» компонентті тілдік бірліктер де көп. Мәселен, *ат басындай алтын, ат төбеліндей, ат бойы* секілді тұрақты тіркестер өлшемді білдірсе, *ат тонын ала қашу, атқан оғы айнымау, ат құйрығын шарт тую, ат құлағында ойнау, ат маңдайы аумай, атса оғы, шапса қылышы, ат сүмек болды, ат-тонын ала қашу* тіркестері адам бойындағы түрлі жақсы-жаман қасиеттерді сипаттауда күнделікті тұрмыстық лексикада қолданылады. Тілімізде *ат* сөзімен жасалған тілдік бірліктерге байланысты диалектілер де кездеседі. Мысалы, Қызылорда облысы, Арал елді-мекендерінде *ат шөлке* деген сөз бар. Бұл – жаушершілік заманда қолданылған киізден жасалған қамыт. «*Атың арып, тулақ болсын, ерің арып аруақ болсын!*» немесе «*Атың өшкір!*» сынды тілімізде *ат* сөзімен келетін қарғыс түрлері де бар.

Екі тілді салыстыра келе, *ат* бір негізді түбірінің қазақ тілінде мағынасы кең, қосымша жаңа мағыналар тудырғаны көрініс берді.

Зерттеуге нысан болған келесі бір түбір – *қой* түбірі. Ғалым Ә. Қайдар өз еңбегінде бұл түбірдің бес мағынасын көрсеткен: Қой – 1. Овца, баран; 2. Ставить, класть, поставить, прекращать, приостановить; 3. Қою = қой+у – густой; қойыртпақ = қой+ырт+пақ – густой навар, состоящий из разной смеси; 4. *Қойын* – пазуха, *қойнау* – лощина; 5. Нечто огромное – *қой тас*; 6. *Қойқақта, қойқаңда* – ходить неуклюжей [4, 223].

Е. Қажыбеков зерттеуінде *қой* түбірінің қимылдық мағынасы түркі тілдері бойынша талданған: «Qoj – общетюрк., *оставлять, поставить* и т.д. Именной коррелят к глаголу qoj – «оставить» представлен в казахском композите *kör-de-qoj* ~ показной, «внутренне пустой» (о человеке)» [5, 168].

Қарақалпақ тілінің түсіндерме сөздігінде заттық және қимылдық мағынасы сипатталған: «Қой 1. Майда, тығыз жүнлі, туяқлы усақ мал, төрт түлік малдың бири. 2. Бир нәрсени орнына апарып қойыу. 3. Үндемеу, сөйлемеу, тоқтатыу. 4. Бир нәрсени ислемеу, таслау [11, 164]. Берілген мағыналарға сәйкес тілде түрлі *қой*-мен байланысты лексикалық бірліктер қолданылады: *қойғызыу, қойдай, қойдыру, қойлы, қойлық, қоймау, қойнау, қойсыз, қойшы, қойшылық, қойымшылық, қойын, қойыртпақ, қойынластыру т.б.*

А. Салқынбайдың сөзжасамдық сөздігінде тек *қой* түбірінің өзінен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған отыз бес туынды сөзді көрсетеді: *қойғақ, қойғыз, қойғыш, қойыс, қойдай, қойлық, қойшы, қойлы, қойылым, қойыл, қойылыс, қойлы* және т.б. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған тілімізде тілдік бірліктер өте көп: *ат қою, ден қою, қол қою, сұрақ қою, ақтылы қой, көңіл қою, қой мінезді, қойша иіру, қойша жамырау* және т.б. [12, 204].

Төрт түлік малдың бірі ретінде *ат* секілді *қой* түбірімен де тілімізде тілдік қолданыстар мол. Себебі қазақтың әлеуметтік тұрмыстық өмірінде төрт түліктің алатын орны зор. Тұрақты тіркестеріміздің өзінде *қой* сөзінің түрлі мағынасы көрініс береді: ертегілердегі *қой басындай ділдә* тіркесі, тарихи жырлардағы *қой богындай қорғасын, қойдай жусатты, қой асығын қолыңа ал қолайыңа жақса, сақа қой, қойдай өрді*, көркем шығармаларды кездесетін *қойға шапқан қасқырдай, қойнына тас тықты, қойнына жылан салып жібергендей ыршыды, қойтұяқ жамбы, қой ішіндегі марқа секілді т.б.* тіркестер *қой* сөзінің тіліміздегі аясы кеңдігін танытады. Сонымен қатар *қой* біздің түсінігімізде *жуас, момын* ұғымын сипаттайды. *Жайдары қой, қой мінезді, қойша жуас, қой үстіне бозторғай жұмыртқалады* тіркестері осының дәлелі бола алады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі бір негізді түбірлердің семантикалық табиғатын кесте арқылы көрсеттік:

1-кесте – «аз», «ат», «қой» түбірлерінің семантикалық дамуы

Тілдік қатысы	Бір буынды түркілік ортақ түбірлер		
	«Аз»	«Ат»	«Қой»
Қазақ тілінде	<p>1. аз – сандық мағына; 2. аза – әрекеттік мағына; 3. азан шақыру – әлемдік мағына; 4. азу – сапалық, сындық мағына; 5. азық – заттық мағына;</p>	<p>1. Заттық мағыналары – 1) ат, есім; 2) жылқы; 3) адым; 4) атырап; 2. Қимылдық мағыналары – 1) аттау, секіріп өту; 2) ату – оқ ату; 3) ат – лақтыру, тастап жіберу; 3. Сындық мағыналары – адыраң, аттай, атырау;</p>	<p>1. қой, малдың түрі; 2. қою, бір нәрсені тастап кету, тоқтату; 3. Қою = қой+у; қойыртпақ=қой+ырт+пақ; ; 4. Қойын қалта, қойнау; 5. қой тас – қатты ауыр емес; 6. Қойқақта, қойқаңда;</p>
Қарақалпақ тілінде	<p>1. Аз. Жеткиликсиз, көп емес, барлы-жоқты, азгана, азантай. Аз сан – муғдар, шамалы, онша көп емес.</p>	<p>1) 1. Жылқы, жылқының еркегі; 2. Адамлардың аты, исми; 3. Лақап, атақ; 4. Атыу;</p>	<p>1. туяқлы усақ мал, төрт түлік малдың бири; 2. Бір нәрсені орнына апарып қойу; 3. Үндемеу, сөйлемей; 4. Бір нәрсені ислемер, таслау ;</p>

Ғалым М. Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде түркі тілдерін бір-бірінен ерекшелетін лексикалық белгілерінің бірі – «байырғы лексика нақты ұғыммен байланысты болып келеді де, интеллектуалды лексика, абстракты және мәдени ұғымды білдіретін сөздер көбіне басқа тілдерден көне, жаңа дәуірлерде ауысқан болып отырады» – деп көрсетеді [13, 9].

Қарастырылған қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі ортақ түбірлерде түркі тілдеріне тән байырғы түбірлер саналады. Зерттеу нысанына алынған үш түбір де түркілік түпкі негізін сақтаған, мағынасы да ұқсас екені байқалды. Тек кейбір түбірлер экстралингвистикалық факторлар әсерінен мағынасы кеңейген, жаңа қосымша мағыналармен қолданыла бастаған. Оған тілдегі тұрақты сөз тіркестері дәлел бола алады. Сонымен қатар мағынасы тарылып тек заттық не қимылдық мәні ғана сақталған түбірлерді де байқадық.

Қазіргі түркі тілдеріндегі төл лексикалық бірліктерінің құрамынан көне түбір не жұрнақты оңай айқындап алуға болады. Бұл біртектілік пен ортақтық шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен де көрінеді. Мәселен, түрік, түрікмен, және ноғай тілдерін салыстыра зерттеген Мелтем Келепирдің [14] мақаласында үш бірдей түркі тілдерінің өз қайнар көзіне, түпкі арнасына жақындығы қарастырылған. Дәл осы бағыттағы шетелдік ғалымдардың бірлескен ғылыми мақаласындағы [15] нәтиже бойынша түркілік негізге берілген дәлелдерді келтіруге болады. Зерттеулер түркі тілдерінің көне ортақ түбірлері, қосымшалары өз негізін сақтайтындығын көрсетеді. Қаншама тарихи кезеңдерді басынан өткерсе де түркі тілдері күні бүгінге дейін туыстығын, ортақтығын жоғалтпай, сақтай алғандығы қуантады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл біліміндегі қазіргі зерттеу бағыты формадан мағынаға негізделген антропоэктікке ауысты. Біз қазір кез-келген тілдік бірліктің мағынасына, ұлттық танымдағы орнына, әлемдік кеңістікке тигізер әсеріне мән бере бастадық. Демек қазақ тіл білімінде семантика саласы жан-жақты қарастырылуы керек. Өзіндік теориялық ұғымдары мен талдау үлгісі, әдіс-тәсілдері қалыптасқанда ғана лексикалық бірліктердің мағыналық құпиясы ашылады.

Қазақ және қарақалпақ тілдерін салыстыра отырып семантикалық талдау жасау арқылы лексикалық бірліктердің даму динамикасын бағамдаймыз. Батыс ғұн бұтағындағы бір-біріне өте жақын қазақ және қарақалпақ тілдерін зерттей отырып мағыналық айырмашылықтар бар

екеніне көз жеткізуге болады. Туыстас түркі тілдері де әлі көптеген зерттеулерге арқау бола алатындығын көрсетті. Бір негізді ортақ түбірлердің мағынасы уақыт ағынымен әрі тілдердің дамуымен өзгеріп семантизациялану үдерісі кең қанат жайғанын байқадық. Оның әсері тілдің сөздік қорының артуына себеп болуда.

Туыс тілдерге тән ортақ тілдік белгілерді қарастыру өткен түркілік тарих пен мәдениеттің түбі бір екенін, салт-дәстүр мен ұлттың әлеуметтік көзқарасындағы ұқсастықты айқындайды. Қос тілдің генезистік белгілер жақын бола тұра алты дәуірді басынан өткерсе де ұқсастығын жоймаған.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей қарақалпақ тілінің лексикологиясы, семантика саласы болашақ ғалымдардан ғылыми зерттеулер мен тұжырымдар жасауды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 211 б.
- 2 Құрышжанов Ә. Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері: көмекші құрал. Қаз. ССР жоғары және арнаулы білім м-гі. – Алматы: 1964. – 127 б.
- 3 Сагидолда Г. Қайратқызы Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы және қазіргі қыпшақ жазба тілдері лексикасының зерттелу барысы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. № 4(137) – 11 б.
- 4 Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М - во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтұрсынова. – Алматы : Арыс, 2005. – 295 с.
- 5 Қажибеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алматы: Наука, 1986. – 272 с.
- 6 Салқынбай А. Генетика-семантикалық кодты негіздеуші этимон түбірлер // Түркология. – 2018. №1. – 87 б.
- 7 Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі: төрт томлық / I-том. А-В / Қарақалпақстан баспасы – Нөкис, 1982. – 402 б.
- 8 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері: оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 257 б.
- 9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 10 Yusupova, B.T. (2021). Semantic–phonetic features of some phraseologisms in the Karakalpak language. *Asian Journal of Multidimensional Research*, Volume 10, Issue 10, Pages 564-570 <https://www.indianjournals.com/ijor.aspx?target=ijor:ajmr&volume=10&issue=10&article=078> [Google Scholar]
- 11 Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі: төрт томлық / III-том. А-В / Қарақалпақстан баспасы – Нөкис, 1982. – 402 б.
- 12 Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. 2-бөлім. / құраст. А. Б. Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 418 б.
- 13 Томанов Ш. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – 190 б.
- 14 Kelepir, M. (2021). Matters of size and deficient functional categories in three Turkic languages: Turkish, Turkmen and Noghay. In Sabine Laszakovits & Zheng Shen (eds.), *The size of things I: Structure building*, 25–44. Berlin: Language Science Press. <https://doi.org/10.5281/zenodo.5524276> [Google Scholar]
- 15 Akalin, Ş. H., & Kumanli, M. S. (2021). Turkic Borrowings in the Turkish Language Reform: Past and Today. *Bilig*(98), 165-180. <https://doi.org/10.12995/bilig.9808> [Google Scholar]

Материал 26.07.2024 баспаға түсті

Семантическая природа корней «аз», «ат», «кой» в казахском и каракалпакском языках

А.Х. Асенова¹, К.К. Джайкбаева²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, 050000, Республика Казахстан

²Казахстанско-Немецкий университет, Алматы, 050000, Республика Казахстан

В статье были рассмотрены казахский и каракалпакский языки, относящиеся к кыпчакской ветви по классификации тюркских языков. Проведен семантический анализ односложных общих корней «аз», «ат», «кой» в указанных языках.

Основная цель нашего научного исследования дифференциация семантических особенностей в лексических единицах и современном направлении развития тюркских языков путем определения семантического развития односложных корней в казахском и каракалпакском языках.

В результате исследовательской работы было установлено, что корни «аз», «ат» и «кой» сохранили свою тюркскую основу. Установлено, что наряду с основным значением всех трех рассмотренных корней приложение приобрело новую сему, в одном языке значение сужается, а в другом происходит процесс расширения. На явления сужения-расширения смысла во многом повлияли развитие национального мировоззрения и экстралингвистические внешние факторы.

Изучение тюркских языков на основе историко-сравнительного аспекта показывает важность и специфику приобретения общетюркских корней в предмет, актуальность изучения характера семантического развития названий, ценность анализа национального мировоззрения в языке в лингвopsихологическом направлении.

Практическое значение результатов работы: семантический анализ общетюркских корней на основе казахского и каракалпакского языков позволяет определить структурную сущность и характер названий и глубоко изучить существенные изменения в динамическом развитии языков.

Ключевые слова: сравнительное языкознание, тюркские языки, современные кыпчакские языки, каракалпакский язык, общие корни, семантика, лексический фонд.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Оразов М. Семантика казахского языка. – Алматы, 1991. – 211 с.
- 2 Курьшжанов А. История изучения и грамматические очерки памятников Орхоно-Енисейской письменности: пособие. м-во высшего и специального образования Казахской ССР. – Алматы: 1964. – 127 с.
- 3 Сагидолда Г. Кайраткызы А. Сравнительная лексикология тюркских языков и ход изучения современной кыпчакской лексики письменных языков // Вестник ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. Филологическая серия – 2021. № 4(137) – с. 11.
- 4 Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М-во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. – Алматы: Арыс, 2005. – 295 с.
- 5 Қажыбеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алматы: Наука, 1986. – 272 с.
- 6 Салкынбай А. Этимон корни лежащие в основе генетически-семантического кода // Туркология. – 2018. №1. – 87 с.
- 7 Толковый словарь каракалпакского языка: в четырех томах / I-том. А-В / Издательство Каракалпакстан – Нукус, 1982. – 402 с.

- 8 Сагындыкулы Б. Этимологические основы развития лексики казахского языка: учебное пособие / КазНУ имени Аль-Фараби. – Алматы: Казахский университет, 2005. – 257 с.
- 9 Толковый словарь казахского языка / под общей редакцией Т. Жанузакова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 с.
- 10 Yusupova, V.T. (2021). Semantic–phonetic features of some phraseologisms in the Karakalpak language. *Asian Journal of Multidimensional Research*, Volume 10, Issue 10, Pages 564-570 <https://www.indianjournals.com/ijor.aspx?target=ijor:ajmr&volume=10&issue=10&article=078> [Google Scholar]
- 11 Толковый словарь каракалпакского языка: в четырех томах / III-том. А-В / Издательство Каракалпакстан – Нукус, 1982. – 402 с.
- 12 Словообразовательный словарь казахского языка. Часть 2. / сост. А. Б. Салкынбай. – Алматы: Казахский университет, 2016. – 418 с.
- 13 Томанов Ш. Сравнительная грамматика тюркских языков. – Алматы, 1992. – 190 с.
- 14 Keleşir, M. (2021). Matters of size and deficient functional categories in three Turkic languages: Turkish, Turkmen, and Noghay. In Sabine Laszakovits & Zheng Shen (eds.), *The size of things I: Structure building*, 25–44. Berlin: Language Science Press. <https://doi.org/10.5281/zenodo.5524276> [Google Scholar]
- 15 Akalin, Ş. H., & Kumanli, M. S. (2021). Turkic Borrowings in the Turkish Language Reform: Past and Today. *Bilig*(98), 165-180. <https://doi.org/10.12995/bilig.9808> [Google Scholar]

Материал поступил в редакцию журнала 26.07.2024

Semantic nature of the roots «az», «at», «koi» in the Kazakh and Karakalpak languages

A. Assenova¹, K. Jaikbayeva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050000, Kazakhstan

²Deutsch-Kasachische Universitat, Almaty, 050000, Kazakhstan

This article examines the Kazakh and Karakalpak languages, both of which belong to the Kipchak branch of Turkic languages. A semantic analysis was conducted on the common roots of the monosyllabic syllables "az," "at," and "koi" in these languages. The primary goal of this research is to identify the semantic development of these monosyllabic roots in Kazakh and Karakalpak, while also analyzing the current trends in the development of Turkic languages and the semantic features present in lexical units. The findings reveal that the roots "az," "at," and "koi" have retained their Turkic origins. Each root acquired an additional meaning alongside its primary sense; in one language, the meaning narrowed, while in the other, it expanded. These phenomena of narrowing and broadening were significantly influenced by the evolution of the national worldview and various extralinguistic factors.

Studying Turkic languages from a historical and comparative perspective highlights the importance of using common Turkic roots as research objects, emphasizing the relevance of understanding the semantic development of names and the linguistic-psychological aspects of the national worldview.

The practical significance of this research lies in its semantic analysis of common Turkic roots in Kazakh and Karakalpak, which facilitates a clearer understanding of the structural meanings and the nature of names, as well as the critical changes in the dynamic development of these languages.

Key words: comparative linguistics, Turkic languages, modern Kipchak languages, Karakalpak language, common roots, semantics, lexical inventory.

REFERENCES

- 1 Orazov M. Qazaq tiliniñ semantikasi [Semantics of the Kazakh language]. – Almaty, 1991. – 211 b.
- 2 Qūryşjanov Ä. Orhon-Enisei jazuy eskertkişteriniñ zerttelu tarihy men gramatikalyq ocherkteri [History and grammatical essays of the study of monuments of Orkhon-Yenisei writing: auxiliary tool]: kömekşi qūral. Qaz. SSR joǵary jāne arnauy bilim m-gı. – Almaty: 1964. – 127 b.
- 3 Sagidolda G. Qairatqyzy Ä. Türkı tilderiniñ salıstırmaly leksikologiasy jāne qazırǵı qypşaq jazba tilderi leksikasynyñ zerttelu barysy [Comparative lexicology of Turkic languages and the course of studying the vocabulary of modern Kipchak written languages] // L.N. Gumilev atyndaǵy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University], № 4 (137) – 11 (2021).
- 4 Kajdar A. T. Struktura odnoslozhnyh kornej i osnov v kazahskom yazyke [The structure of one-way cornices and osns in Kazakh language]: monografiya / M - vo obrazovaniya i nauki RK, Int yazykoznanıya im. A. Bajtursynova. – Almaty : Arys, 2005. – 295 s.
- 5 Kazhibekov E. Z. Glagol'no-imennaya korrelyaciya gomogennyh kornej v tyurkskih yazykah [Glagolno-specific correlation of homogenized words in Turkic languages]. – Almaty: Nauka, 1986. – 272 s.
- 6 Salqynbai A. Genetika-semantikalyq kodty negızdeuşi etimon tübirler [Genetics-justification of the semantic code etymon roots] // Türkologia. – 2018. №1. – 87 b.
- 7 Qaraqalpaq tiliniñ tüsindirme sözligi [Explanatory Dictionary of the Karakalpak language]: tört tomlyk / I-tom. A-V / Qaraqalpaqstan baspasy – Nökis, 1982. – 402 b.
- 8 Saǵyndyqūly B. Qazaq tılı leksikasy damuynyñ etimologialyq negızderı [Etymological foundations of the development of the vocabulary of the Kazakh language]: oqu qūraly / äI-Farabi atyn. QazÜU. – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 257 b.
- 9 Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdıǵı [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] / Jalpy redaksiyasyn basqarǵan T. Janūzaqov. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b.
- 10 Yusupova , B.T. (2021). Semantic–phonetic features of some phraseologisms in the Karakalpak language. Asian Journal of Multidimensional Research, Volume 10, Issue 10, Pages 564-570 <https://www.indianjournals.com/ijor.aspx?target=ijor:ajmr&volume=10&issue=10&article=078> [Google Scholar]
- 11 Qaraqalpaq tiliniñ tüsindirme sözligi [Explanatory Dictionary of the Karakalpak language]: tört tomlyk / III-tom. A-V / Qaraqalpaqstan baspasy – Nökis, 1982. – 402 b.
- 12 Qazaq tiliniñ sözjasam sözdıǵı [Dictionary of Word formation of the Kazakh language]. 2-bölim. / qūrast. A. B. Salqynbai. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 418 b.
- 13 Tomanov Ş. Türkı tilderiniñ salıstırmaly gramatikasy [Comparative grammar of Turkic languages]. – Almaty, 1992. – 190 b.
- 14 Kelepir, M. (2021). Matters of size and deficient functional categories in three Turkic languages: Turkish, Turkmen, and Noghay. In Sabine Laszakovits & Zheng Shen (eds.), The size of things I: Structure building, 25–44. Berlin: Language Science Press. <https://doi.org/10.5281/zenodo.5524276> [Google Scholar]
- 15 Akalin, Ş. H., & Kumanli, M. S. (2021). Turkic Borrowings in the Turkish Language Reform: Past and Today. Bilig(98), 165-180. <https://doi.org/10.12995/bilig.9808> [Google Scholar]

Received: 26.07.2024